



БЕКІТЕМІН:

№ 1 «Тоголек» б/б меңгерушісі:
Мухамбеткалиева К.С

Кеңес беру

(Құзиреттілік орталығының жұмысы)

Тәрбиешілер: Маскабаева Б.Ш
Абдураманова А.А

2023-2024 оқу жылы

Балабақшадағы аралас топ және оны ұйымдастыру ерекшеліктері

Қайырлы күн құрметті әріптестер!

Мектепке дейінгі білім беруде, ауылдық жерлердегі балабақшаларда балалардың аз болу салдарынан әртүрлі жас аралық түрінде топтар құруға мәжбүр болған. Бірақ көп жағдайларда мектепке дейінгі мекемеде бірдей жастағы топтарды құруды практикаланады. Бірдей жастағы балалардың психофизикалық дамуы ұқсас. Олардың күнделікті күн тәртібі бірдей, бір бағдарлама бойынша оқиды. Сондықтан мұндай топтың қызметін ұйымдастыру оңайырақ. Әртүрлі жас аралық топтар бұл баланың әлеуметтік қарым-қатынас мүмкіндіктерінің алуан түрлілігін қамтитын балалар қауымдастығы.

Баланың аралас топқа келуінің ұтымды жақтарының зерттеулері болғанымен, тәрбиешілердің олармен жұмыс істеу кезінде көптеген қиындықтарға әкеліп соғады.

Түрлі жас топтарында білім беру процесін ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары бар. Бұнда педагог Үлгілік оқу бағдарламасындағы барлық жас топтарының мазмұнын білуі қажет, балалардың жас ерекшеліктерімен салыстыра білуі, зейінін дұрыс бөле білуі, балалардың дамуын олардың мүмкіндіктеріне сәйкес қамтамасыз етеді. Бұл тәрбиешіден қосымша күш пен білімді, өз уақытын жұмсауды талап етеді.

Түрлі жас топтарында білім беру процесін ұйымдастыру баланың жас және жеке ерекшеліктерін, қарым-қатынас стилін, білім беру мазмұнын таңдауда саралау тәсілін ескере отырып, құрылады.

Бүгін біз балабақшадағы аралас топтар туралы айтамыз. Аралас топтарды жұмыс істеу туралы тақырып бұрын қарастырылмаған да, көтерілмеген болатын. Яғни, бұл өзекті мәселердің бірі деп айтсақта болады. Біз әріптесіміз екеуміз. Осындай топта істейміз. Кіші топта- 14 бала, ортаңғы топта- 8 бала.

Бұл топқа 2 түрлі перспективалық жосп, 1 циклограмма жазылады.

Оқу жіктемесі 2 топқа бірдей. Сабақ кестесі бойынша кіші топта «Сенсорика», ал ортаңғы топта «Математика» және 1 музыка, 3 дене шынықтыру сабағы бар.

Ұсынылған кестеде әртүрлі жасаралық топтарындағы құжаттарды жоспарлау берілген.

- Циклограммада таңертең балаларды қабылдау, одан кейін ерте келген балаларға қалауы бойынша үстел үсті ойындар мен бояуға арналған суреттер, немесе жеке жұмыстар жүргізіледі. Берілген уақыт бойынша ертеңгілік жаттығу кешені өткізіледі.
- Таңғы асқа дейінгі жоспар бойынша, тілдік жаттығулар, жыл мезгілі туралы әңгімелер, тақпақтар жаттау, саусақтық ойындар, дидактикалық ойындар, суреттер қарастыру сияқты т.б.

Таңғы астан кейін, сабақ кестесі бойынша алдымен негізгі сабақтар өткізіледі. сосын жоспарланған қосымша сабақтар өткізіледі. Серунге алдымен кіші топ балалары киініп тәрбиешімен шығады, артынан ортаңғы топ балалары тәрбиеші көмекшісімен киініп шығады. Серуеннен қайтарда кіші топ балалары алдымен кіргізіліп, соңынан орта топ балалары кіргізіледі.

- Әртүрлі жастағы балалармен қарым-қатынас барысында, ересек жастағы балаларда мінез-құлықтың мақсатты құрылымын қалыптастыратын: достық, жанашырлық пайда болады. Сонымен қатар, әртүрлі жастағы балалардың бір топта болуының көптеген оң тұстары да бар. Мысалы: Балаға басқа балаларға қарап қызмет дағдыларын үйрену әлде-қайда оңайырақ, сол себепті бұл топтарда кішкентайларды тез дамыта оқыту бағдарламасын тез игереді. Үлкен балалар кіші балалар алдында жауапкершілікті сезініп, оларға үлгі бола алады. Бұл өзіндік мінездің жақсаруына әсер етеді, олардың қарым-қатынасы достықты қалыптастыруға, қамқорлық жасауға жағдай жасайды. Аралас топтардың қиындық жағын айтатын болсақ, мұнда педагогқа оқу қызметін жоспарлау кезінде әртүрлі жастағы балалардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет. Ескере отырып жоспарлауда қиындықтар туындайды.

Заттық – дамытушы орта

Түрлі жас топтардағы ойын әрекетін мазмұнды ұйымдастыруда топ бөлмелеріндегі кеңістікті дұрыс қолдану, ойыншықтар мен әдістемелік құралдарды таңдау мен оларды дұрыс орналастыру өте маңызды. Түрлі жас топ балалары үшін ойын кеңістігін ұйымдастыруда педагог балалардың жасына сәйкес ойын барысын ойластырып, жабдықтар мен материалдарды дұрыс таңдау қажет.

Қозғалыс белсенділігін дамыту үшін қимылды ойындарда ортаңғы жастағы балалар кіші жастағы балаларға кеңпейілдік пен шыдамдылық танытуы қажет. Сондықтан осындай ойындарды ұйымдастыру кезінде үлкендер тарапынан қолдау және көмек көрсету мақсатында түрлі жастағы балаларды біріктіруге болады.

Түрлі жас топтардағы балаларды бірлесіп тәрбиелеудің барлық ұтымды жақтарын қолдану ұжымда дұрыс қарым-қатынастың, балалардың бірлескен ойындарға, жалпы істерге, ұжымдық еңбек әрекетіне қызығушылығының қалыптасуына ықпал етеді. Бірақ мұның барлығы өздігінен жүзеге асырылмайды, педогогтың күнделікті және ауқымды жұмысының, балалары өмірімен дербез әрекетін дұрыс ұйымдастырудың нәтежесі болып саналады.